

## ҒҰНДАРДЫҢ ЕУРОПАДАҒЫ ТАРИХИ ДАМУ МЕН ЭТНОСАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДАҒЫ ОРНЫ

Ыбырайхан М.Ы.

Е.А. Букетов атындағы ҚарМУ

Еуразия даласының тарихындағы ғұндар тек көшпелі өркениеттің өкілі ретінде ғана емес тұтастай құрлықтағы тарихи даму өзгерістерінің себепкері ретінде көрсетіледі. Бұл тайпа тек жоғары мемлекеттік деңгейге көтеріліп, көршілес ірі мемлекеттермен тығыз қарым-қатынаста немесе қарама-қайшылықта болып қана қоймай өз ізін барлық Еуразия даласына қалдырды. Азиядан шығып Еуропа құрлығында өз үстемдігін орнатқан олар, жергілікті халықтарды басып алып немесе өз одақтасы ретінде қосып алумен қатар, олардың тарихи, этникалық дамуы және өзге мемлекеттермен арақатынасына да әсер етті.

Ғұндардың күнбатысқа қалай ауып бара жатқанын жазған сол заманның жазушысы Дионисий Периегет. Ол ғұндарды «скифы – унны, Каспийцы» деп жазады (160 жыл). Клавдий Птоломей ғұндарды Борисфенде (Днепр) тұрғанын айтады. Филосторгийдің айтуынша (IV ғ. жазушысы), ғұндар Еуропаға келмес бұрын Рипэй (Орал) тауының екі жағын қоныстап отырған дейді. Ғұндардың қарт құрлықтағы халықаралық қатынастар сипатына әсер ететін кезеңі б.з. IV ғ. 70 жылдарында басталады [1, 151 б.]. Ғұндар көсемі Баламбер шамамен 370 ж. аландарды талқандайды. Ертедегі авторлардың хабарлауынша, оның ішінде Аммиан Марцелинның жазбаларында аландар көшпенділер екендігі аталып өтіледі [2, 123 б.]. Яғни, IV ғ. латын жазушысы Аммиан Марцелинның баяндауынша ғұндар басында Азов теңізі мен Донның төменгі ағысын мекендеген аландарға бас салды. Әрі қарай аландармен бірге острогот королі Эрманарихпен күрес жүргізіп Иордан әспеттеп, күшті етіп бейнелеген бірақ, шын мәнінде ондай күші жоқ, корольдігін қиратады. Ғұндар Эрманарихтың мұрагері Винитардың жасақтарын жеңіп, әрі қарай батысқа везиготтар облысына қарай ұмтылады. Везиготтар ғұндармен шешуші шайқастан жалтарып, император Валенттан Фракияға қоныстануға рұқсат алып, Дунайдың әр жағына, Трансильвания тауларына өтіп кетеді. Осы сәттен бастап яғни, 376 ж. бастап ғұндар ұзақ уақытқа Қара теңіз жағалауларына, ол жердің кең-байтақ далалы кеңістігіне ие болады [3, 28 б.]. Оңтүстік-Шығыс Еуропадағы Остгот королі Эрманарихтың көп тайпалы державасы қираған соң, халықтардың ұлы қоныс аударуына себеп болған қозғалыстар пайда болды. Осы қозғалысқа басты себепкер ғұндар б.з. V ғ. шегінде Месопотамияға және Кіші Азияға жорық жасайды, одан кейін батысқа жылжиды, өз биліктерін Орталық Еуропаның аумақты кеңістігіне орнатып, империяларға қарсы күресін бастайды. Б.з. V ғ. 20 жж Римде ғұндар арқылы өздерінің Галлиядағы билігін күшейту үшін пайдаланғысы келетін партия пайда болды. Бұл партия император тағына Нотарий Иоаннды (423-425 жылдар) отырғызды. Иоанн жедел түрде ғұндардан көмекші әскер сұрауға, оларды алтын беріп сатып алуға Аэцийді жіберді. Бұл кезде империя аумағындағы халықтар бас көтеріп жатқан болатын. Аэцийді жіберу кездейсоқ еместін. Рим генералы Гауденцийдің ұлы, ғұндарда тұтқында болғанда өз қатарласы Аттиламен және оның ағасы Ругиламен достасып кеткен болатын. Сондықтан, 425 жылы Аэций ғұндарға келген уақытта Римдіктердің экономикалық көмегімен және оларға бағынбаған провинциялар есебінен өз жағдайларын түзетуге дәмелі болды. Ғұн көсемдері Аэцийге 60 мың адам берді. Ғұндарға қайта оралсақ. Ғұн ордасының қайта көтерілуі және батыс ғұндардың тарихындағы маңызды кезең Руя немесе Ругиланың есімімен байланысты. Ругила Ульд кезінде римдіктермен үзілген қатынастарды қалпына келтіруге тырысады және Константинопольға Исла есімді бір елшісін жібереді. Ругила мен Рим империясы арасындағы келіспеушіліктер ғұндарға олардың қашқындарының берілмеуімен түсіндіріледі [4, 164 б.]. Ругиланың ісін жалғастыру Аттиланьң үлесіне тиді. Аттила және Бледа оның ағасы Мундзуктың балалары болатын. Ругила 433 жылы қайтыс болды. 445 жылғы Бледа өлімінен кейін Аттила ғұн бірлестігінің жалғыз көсемі болды. Присктың баяндауынша, Шығыс империя V ғ. 40 жылдарының соңында ғұндармен бейбітшілік қарым-қатынасты сақтауға ұмтылды. Себебі, оларға жан-жақтан жаулары қауіп төндіріп тұрған болатын: парсылар

соғысқа дайындықты бастаған болатын, вандалдар империясы теңізде мазалады, исаврлар көтеріліс жасап, елді тонап жатты, арабтар Византияның шығыс шекарасына шабуыл жасаса, ал Эфиопиялық халықтар Византияға қарсы күреске бірікті. “Сондықтан,-деп баяндайды Приск,-жан-жақтан қыспаққа алынған ромейліктер Аттиланы сыйлады, ал басқа халықтарға қарсы дайындық жасап, жауынгер жинап, сардарлар тағайындаған” [5, 63 б.]. Сонымен қатар империялармен арадағы дипломатиялық қатынастар жайлы мынандай мәліметтер бар: “Аттила римдіктердің жомарттығын біле отырып, олардың мұны бейбітшілікті сақтау үшін жасайтынын ескеріп, кімге жақсылық жасағысы келсе сол адамды әртүрлі ұсақ-түйек себептер мен сылтаулар таба отырып елшілікке жіберген” [6, 21 б.]. Негізінен, ғұн көсемдерінің басты орталығы V ғ. басында Причерноморья далаларында болған. Ол жерлерге Византия елшіліктері 412 ж дейін жіберілген. Бірақ, тек Батыс және Шығыс империялар ғана емес ғұндармен одақта болғысы келген. V ғ. 40-50 жылдары Аттиланың күшті билеушіге айналғанына соншалықты оған көмек сұрап басқа да “варварлық” халықтар келе бастады.

448 жылы елшілік құрамында Аттила ордасында болған Приск Панийский қымбат “скиф” киімдерін киген гректі кездестіреді және бұл адамның сөздерін жазып алады. “Римдіктердің күнгірт кезде кешкен қиындықтары олардың соғыс кезінде көрген қиындықтарынан да ауыр. Мұның негізгі себебі-аяусыз алым-салық алу және ақымақ билеушілер жағынан болатын қысым. Империядағы заң барлығы үшін тең күшке ие емес. Байларға тағдыр кешірімді және олар әрдайым жазасыз қалады. Кедейлер үшін заң қатал және кешірімсіз. Әділ істі ұту үшін қазыға пара, оның көмекшілеріне қаржы беру керек және үлкен кедергілерден тұратын шексіз ауыр айтыс-тартысты жүргізу қажет. Приск “римдіктердің заңы ізгілікті және құлдар азаттық алудың бірнеше жолына ие” дейді. Грек болса: “Зандар жақсы және қоғам да тамаша құрылған, бірақ билеушілер бұрынғылар сияқты жасамай қоғамды бұзады”,-деп жауап береді. Грек жүріс-тұрыс стереотипінің түрлілігін, адамдарға өмір сүруге мүмкіндік беретін басты фактор ретінде атап өтеді. Мәдениет-адам ісі-ол тұрақты, ал римдік суперэтнос соңғы фазасына түскен болатын: арманшылдар кетіп бара жатқан мәдениетті жақтады, ал басқалары оны құртып, жеп жатты. Готтар Македонияның, Фракияның және Элладаның антикалық тұрғындарын славяндарға бос жерлер дайындағанға дейін ығыстырып жатқанда, яғни IV ғ. дейін Византия қала қабырғаларында қамалып, ал бұл қабырғалар құлаған Батыс Рим империясы әлем картасынан тіптен жойылып кеткен болатын. Византиялықтардың қатарласы германдықтардың оларды супер этносқа біріктіретін мұндай дәстүрі болмаған. Керісінше, жаңа эраның алғашқы ғасырында болған байланыстарды дұрыс бағыт алмаған пассионарлық серпін үзіп жіберді. Бірігу үшін оларға басшылық керек болды және оны олар ғұндардан тапты [7, 150 б.]. Сонымен, Аттила тұсындағы оқиғалар сипатына оралсақ. “Бұл Аттила Октар мен Роас бауыр болған Мундзуктан туған. Олар Аттила ие болған жерлердің барлығына ие болмаса да, оған дейінгі билікті ұстаған”,-деп жазады Иордан. 447 жылғы жер сілкінісін Аттила тиімді пайдаланды. Бұл кезде ғұн әскерін азық-түлікпен және алтынмен Аттиланы рим армиясының қолбасшысы деп есептеген Батыс Рим империясы қамтамасыз етті. 447 жылы жазда ғұндар Балқан түбегіне басып кіріп, Маркианополь, Филиппополь, Аркадиопольді басып алып, Фракиялық Херсонеске дейін жетеді. Галл хроникасы осы кезде ғұндардың жетпіс қаланы басып алып, ал Батыстан ешқандай көмек болмағандығын атап өтеді. Ғұн шапқыншылықтары франктер, бургундықтар, вестготтардан түбірімен өзгеше болған. Егер бұл тайпалар келісім арқылы немесе жаулап алу барысында рим провинцияларының бірінде қоныстануға ұмтылса, ғұндар көбінесе Паннонияға қайтып отырған.

Ғұндардың Еуропадағы және әлем тарихындағы атағын шығарған Галлияға жорық. Әскер екі үлкен топқа бөлінді: бір тобы-Дунайдың оң жақ жағалауымен жүріп римнің алдыңғы қатарлы бекіністерін құлату мақсатын алды, оны орындады да; екіншісі, сол жақ жағалауымен жүріп өз одағына Батыс Карпаттағы квадтар мен Шварцвальдтағы маркомандарды біріктірді. Ғұндар күшінің бірігуі Дунай бастауында болды. Неккар бойындағы шығыс франктер өз корольдерін тақтан құлатып, Аттилаға жетіп келді. Дәл осы

әрекетті тюрингтер мен зарейндік бургундтер жасайды. Яғни, Рейн бойында уақытша болса да, варвар күштерінің бірігуі жүрді. Олардың көмегімен жасалған көпір арқылы бірлестік әскерлері Рейннің бірнеше жерінен өтті. Қазіргі уақытта ғұн әскерінің саны нақты түрде 100-120 мың болғанын айтуға болады. Аттиланың одағында үлкенді-кішілі 25 тайпа болған. Ол тайпаның әрқайсысының 10 мың түмен қол шығаруға шамасы жетеді. Соғыс жағдайында атты әскердің 1/3 тылда қалады. Бұған қоса әскердің алдыңғы жағы (авангард), кейінгі жағы (арьегард) одақтас рулар мен тайпалардың жасақтарынан тұрады. Олардың шайқастағы жалпы әскери істегі рөлі аз. онымен бірге ғұндар бұл кезде Шығыста да, яғни Кавказда соғысуды жоспарлаған болатын. Осы жағдайлардың барлығын ескере келіп, нәтижесінде әскер санының 100-120 мың болғандығын анықтауға болады [8, 90 б.]. Ғұндарда қорғандарға шабуыл жасайтын машиналар болмады. Азық-түлікті қажетсінген олар әр қаланы ұзақ ұстай алмады. Бірақ, қалалардың ұйымдасқан қорғанысы болмады. Ғұндар 14 маусымда Орлеанды қоршауға алғанда қалаға көмекке дер кезінде Аэций, Вестгот королі Теодорид I және ұлы Торисмунд басшылығындағы атты әскер келеді. Аттила Солтүстік-Шығысқа шегінеді. Ғұндар Орлеан қаласының алдында бір ай тұрғанда Галлия префектісі, Равенна сарайы және вестгот королі арасындағы келіссөздер сәтті аяқталған болатын. Галлияның тайпалары мен халықтары бірікті. Ғұндар төндірген қауіп оларды бірігуге мәжбүр етті. Бұл жерде Батыс Рим империясының халықтың азаттыққа деген ұмтылысын тиімді пайдалануын айта кетуге болады. Шегінген ғұн әскері Труа жерінен солтүстік-шығысқа қарай Каталаун даласына келіп тоқтайды. Аттила әскерлері оңтүстік-батысты бетке алып келесі тәртіпте орналасады: ортасында ғұндар, оң жақ қанатта-гепидтер, сол жақ қанатта-остготтар. Басқа бағындырылған тайпалардың қосалқы әскерлері Аттиланың әскерлерінің қанаттарын айнала қоршап тұрды. Ғұндарға қарсы коалицияның қолбасшылығы өз әскерлерін солтүстік-шығысқа қарсы қойды: сол қанатта- гепидтерге қарсы франктермен шайқаста жеңіліске ұшыраған, Аэцийдің Италиядан әкелген әскерлері тұрды. Оң қанатта остготтарға қарсы вестготтар тұрды. Орталығында-ғұндарға қарсы, қалғандарының барлығы. Әскерлердің орналастырылуы және шайқасатын күштердің арасалмағынан, ең ауыр, әрі жауапты міндет арморикандықтар, рипориялдар және литициандарға жүктелгені байқалады. Бұл жерде еркін сүйгіш халық арморикандықтарды айта кетуге болды. Олар римдіктерге қарсы ұзақ күресті. 452 ж. көктемінде Аттила әскер жинап Италияға жорыққа аттанады. Оқиғаның бұлай өрбуінде шамасы Аттиланы Батысқа қарсы бағыттап жіберген Византиялық дипломатияның да рөлі бар. Шығыс Рим империясына қарсы шағын жасақ жіберген Аттила негізгі күшпен Батысқа аттанды. 455 ж. дейінгі оқиғаларды жазған, ғұндардың Италиядағы соғысының куәгері Проспер Тиро Аттиланың италиялық жорығы Паннониядан басталды, ал Галлиядағы соғыстан кейін ол Паннониядан Италияға баруға шешім қабылдады. Бұл жорық Каталаун шайқасынан кейінгі ғұндардың Еуропадағы соғысына әкелді. Қарсылық көрсетілген қалалар ғана қиратуға ұшыратылды. Милан, Тицин сияқты қалалар қиратылмады. Аттила өз ордасын Миланға орналастырды. Енді бүкіл солтүстік Италия алынған соң ғұндардың Римге жолы ұзақ болмады. Ғұндардың Миланда ұзақ қалуға мүмкіндігі болмады. Азық-түлік және астындағы аттарына жем-шөп қажет болды. V ғ. испан хронисті Идаций жазғандай бәрін де жоғарыдан жіберілген оба шешті. Хронист Клавдий Клавдиан бойынша оба бұзылған ас пен жазғы ыстықтан болған. Эпидемия жайлы білетін Проспер Тиро дегенмен Римнің құтқарылуын рим папасының арқасы деп атап өтеді. Рим папасы мен Аттиланың кездесуі Минций өзенінің орта ағысындағы (қазіргі Минчо) Амбулей даласында болған. Еуропаның жазба деректерін сараптай келіп Рим үшін осы бір сын сағатта империяға қауіп төндірген Аттилаға рим папасының қалай әсер еткені, оны қалаға басып кіріп, талқандамауға қалай көндіргені жайлы мәліметтерді кездестіре алмаймыз. Негізінен Аттиланың Паннонияға қайтуына басқа да себептер әсер етті. Олар : оба мен азық-түлік жетіспеушілігі. Сонымен қатар Аттилаға Византия императоры Маркиан арқасынан соққы беру үшін Дунай бойына әскер жіберді деген хабар жетті. Ғұндарға екі шепте соғысуға тура келді. Паннонияға қайтып келген соң Аттила Византияға жорыққа әзірленді. Себебі, Византия марқұм Феодосий

кезінде уәде етілген салықты төлемей келеді. Бірақ, соғыс болмады. 453 ж. көктемде Аттила дүниеден өтті.

Сонымен, ғұндардың ерте орта ғасырлық Еуропаның халықаралық қатынастарындағы, тарихи, саяси, тіптен мәдени өміріндегі рөлі, ықпалы ерекше. Ғұндар тек Еуропадағы жазба деректердегідей “жабайы”, “тағы” ғана емес олардың мәдени және саяси саладағы деңгейлерінің өте жоғары болғандығын байқауға болады. Әлемдік тарихта ғұндар “Халықтардың ұлы қоныс аударуының” себепкері ретінде келтіріледі. Бірақ, кейбір зеріттеушілер бұл пікірге қарсы шығып, бұл Еуропаның өз ішіндегі халықтардың қозғалысынан немесе гот тайпалық одағының ықпалынан, тіптен Рим империясының саясатының салдарынан болды дейді. Әрине, бұл мәселелердің анық-қанығын анықтау оңайға соқпайды, бірақ, көп жерде ғұндардың Еуропадағы халықаралық қатынастардың сипатындағы өзіндік рөлі жоққа шығарылмайтындығы айдан анық. Бұл тақырыпты қарастырғанда ғұндардың Еуропа тарихындағы жағымсыз рөлін сипаттауға бейім тарихшылардың көбінесе жазба деректер мен шіркеу жылнамаларына сүйенетіндігі байқалады. Сол замандағы жазбалар мен шіркеу жылнамашылары, олар Еуропа қоғамының мүшелері және әрқашанда объективті пікірді білдіре бермейтінін ескеруіміз қажет. Ғұндардың Еуропадағы іздері қарт құрлықтың күнделікті өмірімен тарихында күні бүгінге дейін көрініс беруде. Олардағы жер атаулары мен халық ауыз әдебиетіндегі шығармалардан осыны байқауға болады. Біздің батыр бабаларымыздың іздері Еуропада жатқан болса, бұл бізді бей-жай қалдырмауы тиіс.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Сиротенко В.Т. История международных отношений в Европе во второй половине IV – начале VI в. - Пермь: Тип.изд. “Звезда”, 1975. – 283 б.
2. Бернштам А.Н. Очерк истории гуннов. – Л.: Изд-во Ленингр.гос.ун-та, 1951.-143 бет.
3. Третьяков П.Н. Восточнославянские племена, - 2-е изд., перераб. и расшир. – М.: Изд-во АН СССР, 1953. - 66 бет.
4. Иордан. О происхождении и деяниях гетов (Getica): - 2-е изд., испр. и доп. - СПб.: Алетейя, 2001. - 301 бет.
5. Удальцова З.В. Идеино-политическая борьба в ранней Византии, - М.: Наука, 1974. - 110 бет.
6. История дипломатии. Т 1. ред. Потемкина. Москва: Государственное Социально-Экономическое Издательство, 1941. - 94 бет.
7. Гумилев Л. Тысячелетие вокруг Каспия, - М.: Айрис Пресс, 2003. – 312 б.
8. Жумагулов К.Т. Ғұндардың Галлия жеріндегі шайқасы. // ҚазҰУ хабаршысы: Тарих сер. - 2001. – N 1. - С. 85-98 б.